

**БД020300 – «Тарих» мамандығы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Пазилгов Ержан Джаркинбаевичтің «Кеңестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы (1948-1991 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

### **СЫН-ШҚІРҒЫ**

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	Пазилгов Ержан Джаркинбаевичтің «Кеңестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы (1948-1991 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы отандық ғылымның даму бағыттарына және ҚР Үкіметінің №683 қаулысымен бекітілген «Монокалаларды дамыту бағдарламасына», «Ел дамуының жана бағыты», «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» мемлекеттік бағдарламалардың бағытына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландыратын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмері) 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-	1) ҚР ҒЖБ бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруы бойынша «Ұлы Дала тарихы мен мәдениеті» (2018 – 2020) ғылыми бағдарламалары аясында «Қазақстан монокала тұрғындарының әнгімелеріндегі әлеуметтік-мәдени бірегейлік: Ащысай–Кентау мысалында. 1927 ж. – ХХІ ғ.б.» атты іргелі ғылыми-зерттеу жұмысы негізінде орындалды. 2) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2024-2026 жылдарға арналған ғылым дамуының 4-бағыты «Елдің зияткерлік әлеуеті», оның ішінде «2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы ғылымдар» басым бағытына сәйкес келеді.

		техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлес <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған	<p>Диссертанттың ғылыми жұмысы отандық тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі – кеңестік кезеңде қалыптасқан өндірістік монокалалардың, оның ішінде Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмірін тарихи тұрғыда және пәнаралық байланыста кешенді талдауға талпыныс жасаған зерттеулердің бірі ретінде маңызды болып саналады. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс заманауи тарих ғылымындағы антропологияландыру бағытының бірі – күнделікті өмір тарихын зерттеуімен де құнды. Ізденуші өз зерттеуінде Қаратау өңірінің өндірістік тұрғыдан игерілуі мен Кентау қаласының салынуына негіз болған тарихи ағышарттарын анықтау арқылы тәуелсіздік алғанға дейінгі уақыттарда жағымды жағынан ғана сипатталып келген кеңес үкіметінің өндірістік жанғырту саясатының түпкі мәнін ашуға тырысады. Диссертациялық жұмыста Кентау қаласының мысалында кеңес үкіметінің неке-отбасы қатынастарында жүргізіген саясатын, қала тұрғындарының еңбектегі күнделікті өмірін, қала тұрғындарының бос уақыты мен демалысының ұйымдастыру ерекшеліктерін т.б. мәселелерін ғылыми айналымға түсірілмеген архив деректері бойынша талдау жасайды. Сол себептен ізденуші Е.Д. Пазиловтың жұмысын дәйекті ғылыми тұжырымдары, ғылымға қосар өзіндік елеулі үлесі бар зерттеу деп санауға болады.</p>
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Ержан Пазиловтың диссертациялық жұмысының

	<p>1) <b>Жоғары:</b>  2) Орташа;  3) Төмен;  4) Өзі жазбаған;</p>	<p>жазылу деңгейі - негізінен жоғары. Бұл ізденушінің тақырыптың зерттелу деңгейін анықтауынан, отандық және шетелдік архивтер қорларынан алынған деректерді сыни тұрғыдан талдауынан, салмақты тұжырымдар, тың пікірлер танытқанынан байқалады. Осы ретте диссертант күнделікті өмір тарихы бағытының әдістерін тиімді пайдаланып, Кентау қаласы тұрғындары арасында тарихи сұхбат, сауалнама жүргізіп, «ауызша тарих» материалдарын ғылыми айналымға қосқан.</p>
<p>4 Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  1) <b>негізделген:</b>  2) жартылай негізделген;  3) негізделмеген;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі ізденушінің объективті тың талдаулары арқылы толық негізделген. Кеңестік жоспарлы экономикаға негізделген Кентау сияқты монокалалардағы шикізат өндіруші кәсіпорындардың тәуелсіздік жылдарында дағдарысқа ұшырауынан туындаған әлеуметтік мәселелердің орын алуы олардың кеңестік кезеңдегі даму тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан монокала тұрғындарының күнделікті өмірін ұйымдастырудың кеңестік кезеңдегі тарихи тәжірибесін зерделеу бүтінгі күні орын алған күрделі әлеуметтік мәселелердің себептерін және шешу жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда 1948-1991 жылдардағы Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмірін зерттеудің маңызы зор.</p>
	<p>4.2 Диссертация тақырыбы диссертация мазмұнын айқындайды:  1) <b>айқындайды:</b>  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды;</p>	<p>Зерттеу жұмысының тақырыбы диссертация мазмұнын толық айқындайды және құрылымымен, мазмұнымен үндеседі.</p>
	<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері</p>

	<p>диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  1) <u>сәйкес келеді</u>;  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді;</p>	<p>диссертация тақырыбына сәйкес келеді.  Диссертациялық жұмыстың мақсатына сәйкес 1948-1991 жылдар аралығындағы Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмірінде орын алған әлеуметтік-мәдени, этнодемографиялық өзгерістер кешенді зерттелген.  Зерттеу мақсатының аясында Кентау қаласының салынуын, инфрақұрылымы мен сәулелік келбетін, әлеуметтік-мәдени ортасының қалыптасуын, демографиялық ахуалын зерделеу басты назарға алынған. Қала тұрғындарының әлеуметтік-мәдени, материалдық-тұрмыс жағдайын талдау арқылы олардың күнделікті өмірінің күнгейі мен көлеңкелі тұстарын зерттеу міндеті қойылған. Күнделікті өмір кеңістігінің, коммунистік идеологияның кеңестік ұлт саясатының, «кеңес адамын» қалыптастырудың үдерістері Кентау қаласының мысалында анықталған. Қала тұрғындарының еңбек жағдайларын, білім беру, медициналық қызмет көрсету мекемелерінің әлеуетін, демалыстарын ұйымдастыру, тұрмысын, отбасылық тіршілігін талдау арқылы олардың күнделікті өміріне қала түзуші кәсіпорының ықпалын көрсетілген.</p>
<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  1) <u>толық байланысқан</u>;  2) жартылай байланысқан  3) байланыс жоқ;</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы бір-бірімен толық логикалық байланысқан кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен 16 қосымшалардан тұрады.</p>	
<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып</p>	<p>Автор қолданған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәйекті түрде тарих ғылымынан орын алған ұстанымдармен және заманауи бағыттармен өзара байланыста ұтымды пайдаланылған. Оғандық және</p>	

	<p>бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сыни талдау бар;</b></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> </ol>	<p>шетелдік архивтерден алынған құжаттар, тарихи және тарихнамалық деректер сыни тұрғыдан талданған. Атап айтқанда автор бұрын жарық көрген материалдармен бірге әлі баспа бетін көрмеген, автор тарапынан алғаш ғылыми айналымға енгізілген 9 архив құжаттарына, «ауызша тарих» (<i>Oral history</i>), мерзімдік басылым материалдарына, заманхаттық еңбектерге талдау жасаған.</p>
<p>5 Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады);</li> </ol>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысында ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидағтарды жаңа деп бағалауға болады. Атап айтқанда:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Кентау қаласының мысалында соғыстан кейінгі жылдары бой көтерген Қазақстанның монокалаларының салынуына себеп болған тарихи алғышарттар дәйектелді;</li> <li>- Кентау қаласының кенестік кезеңдегі архитектуралық келбеті мен инфрақұрылымының қалыптасуы зерттелді және қаланың өнеркәсіп маңындағы «жоспарлы қала» ұғымына сай келетіні анықталды;</li> <li>- архив құжаттарының, мерзімді басылым материалдарының негізінде кеңестік тұрғын үй саясатының мәні мен мазмұны және Кентау қаласы тұрғындарының баспанамен қамтамасыз етілуі, ондағы қиындықтар мен олқылықтар талданды;</li> <li>- аймаққа жер аударылған халықтардың күнделікті өмірі олардың кенді өлкені итеруіндегі рөлі және Кентау қаласының алғашқы тұрғындарын құрағаны анықталды;</li> <li>- Кентау қаласының мысалында кеңес үкіметінің мақсатты түрде жүргізілген неке-жанұялық саясаты және мемлекеттің қарапайым адамдардың жеке отбасылық өміріне кенінен араласу тәжірибесі</li> </ul>

		<p>зерттелді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Кентау қаласы тұрғындарының кенестік кезеңдегі еңбектегі күнделікті өмірі, жалақысы, жұмыс жағдайы, қарапайым еңбек адамының басынан кешірген қиыншылықтары, қала түзуші кәсіпорында байырғы ұлт өкілдерінен шыққан жұмысшыларды шеттеу құбылысының мән-жайы талданды;</li> <li>- кенестік кезеңде әскери-қорғаныстық манызға ие ірі кәсіпорын орналасқан Кентау қаласы тұрғындарын «Мәскеулік жабдықтаумен» (Московское снабжение) қамтамасыз ету жүйесіндегі өзгерістер зерттеленді;</li> <li>- кенес жылдарындағы Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмірінің көленкелі жақтары (<i>ұрлық, маскүнемдік</i>) зерттелді;</li> <li>- 1948-1991 жылдар аралығындағы қаладағы білім беру, медициналық және мәдени-тынығу мекемелері қызметі, олардың қарапайым халықтың күнделікті өміріндегі рөлі айқындалды;</li> <li>- кезеңде өндірістік қалалар арқылы коммунистік номенклатуралық биліктің «біртұтас кеңес халқын» қалыптастыру саясатының келенсіз тұстарына жаңа көзқарас тұрғысынан баға берілді;</li> <li>- Кентау қаласын тұрғындардың күнделікті өмірінен хабар беретін фотосуреттер, бұрын-соңды зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған архив құжаттары, мерзімді басылым материалдары, жекелеген адамдардың естеліктері мен сұхбаттары тұнғыш ғылыми айналымға енгізілді.</li> </ul> <p>Диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындыларын толығымен жаңа деп айтуға болады. Жұмыста тұрғындардың күнделікті өмірін зерттеу методологиясына сүйене отырып, қойнауы қазынаға</p>
<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b><u>ТОЛЫҒЫМЕН</u></b> <b><u>ЖАНА</u></b>;</p>		

	<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады);</p>	<p>толы, киелі Қаратаудың өнеркәсіптік тұрғыдан игерілуі, осының негізінде Кентау қаласының қалыптасуы, өсіп-өркендеуі және тәуелсіздік жылдарға дейінгі тарихы талданады. Кентау қаласының мысалында кеңестік модернизация құбылысының жай-жапсары және монокалалардың салынуының тарихи алғышарттары жаңа көзқарас тұрғысынан ғылыми зерделенеді. Автор тарапынан бұрын жарияланбаған архив деректері мен сол кезеңнің замандастарының естеліктері ғылыми айналымға енгізіледі. Осы деректерді талдау бойынша қаланың инфрақұрылымы мен архитектуралық келбетінің қалыптасуын, этнодемографиялық даму ерекшеліктері, күнделікті өмірінің күнгейі мен көлеңкелі жақтарын, тұрғылықты халқының тұрмысын, отбасын, баспанамен және жұмыспен қамтылуын, білім және денсаулық сақтау мекемелерінің қызметін, тұрғындардың мәдени-тынығуын, өндірістік қалада жүргізілген кеңестік ұлт саясатының мәні мен зардаптарын зерттеу нәтижесінде бірқатар ғылыми тұжырымдарға қол жеткізілді.</p>
<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <b>толығымен жаңа</b>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады);</p>	<p>Диссергациялық жұмыс гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер аясында орындалғандықтан техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін негіздеуді талап етпейді. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен нәтижелері Кентау қаласының қазіргі уақыттағы әлеуметтік-экономикалық өмірінде туындап отырған мәселелердің негізгі себептерін айқындауға, қаланың кеңестік кезеңдегі дамуының тарихи тәжірибесін түсінуге және болашақтағы дамуының ішкі әлеуетін болжауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының мазмұны мен</p>	

		<p>Ғылыми нәтижелерін Кентау қаласын жанғырту мен сауықтыру бағытындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру кезінде пайдалы болды.</p> <p>Диссертациялық жұмыста барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p>
<p>6</p> <p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	
<p>7</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар</p>	<p>Әр қағидағт бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағт дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) Ия;</p> <p>2) Жоқ;</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) Ия;</p> <p>2) Жоқ;</p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>Ия</b>;</p> <p>2) Жоқ;</p>	<p>Ізденушінің қорғауға шығарылған негізгі қағидағтары бірнеше ғылыми тұжырымдарға негізделген.</p> <p>1 қағидағт бойынша диссертациялық жұмыста Кентау қаласының мысалында соғыстан кейінгі жылдары бой көтерген Қазақстанның моноқалаларының салынуына себеп болған тарихи алғышарттар дәйектелді. Сонымен қатар, ресми деректерде айтылып жүргендей, Кентау шаһарының құрылысы ол қала мәртебесін алған 1955 жылдан емес, Мырғалымсай жұмысшы кенті болып тұрған 1948 жылдан басталғаны дәлелденеді.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидағт жаңа</p> <p>7.4 Колдану деңгейі кең</p> <p>7.5 Ия.</p> <p>2 қағидағт бойынша Кентау қаласының инфрақұрылымы мен архитектурасына талдау жасап, автор оның өнеркәсіп манындағы «жоспарлы қала» (плановый город) болғандығын тұжырымдады. Яғни, Кентау қаласының инфрақұрылымы мен архитектурасы</p>



	<p>бастапқыдан қала түзуші басты кәсіпорын саналатын Ащысай полиметалл комбинатының мүддесіне сай жоспарлы түрде дамытылған.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жаңа</p> <p>7.4 Колдану деңгейі кең</p> <p>7.5 Ия.</p> <p>3 қағидаг бойынша, автор Кеңестік кезеңде жарық көрген еңбектерде айтылғандай Кентау қаласының құрылысы одақтың түрлі өңірлерінен қоғамдық шақыртулар негізінде келген комсомол жастарының көмегімен ғана салынбағанын, Кентау қаласын салуға күштеп жер аударылған халықтар мен соғыс тұтқындарының еріксіз еңбегі кеңінен пайдаланылып, жергілікті казак халқының қажырлы еңбегі жұмсалғанын дәлелдейді.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жаңа</p> <p>7.4 Колдану деңгейі кең</p> <p>7.5 Ия.</p> <p>4 қағидаг бойынша Кентау қаласында мақсатты түрде жүргізілген кеңестік неке-отбасы саясатының нәтижесінде отбасылық дәстүрлер түбегейлі өзгерістерге ұшырағаны, жергілікті тұрғындардың ұлттық салт-дәстүрлері «ескіліктің қалдығы» ретінде күнделікті өмір кеңістігінен ығыстырылып, «кеңестік жаңа заманға» сай отбасылық құндылықтар жүйесі кеңінен насихатталғаны дәйектеледі. Көп балалы</p>
--	---

		<p>дәстүрлі отбасылардың орнын қалалық өмірге негізделген шағын отбасылар басты және ата-әже институты алсіреді.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жана</p> <p>7.4 Колдану деңгейі кең</p> <p>5 қағидаг бойынша 1960 жылдың ортасына дейін Кентау қаласы тұрғындарын азық-түлік, баспана және тұрмыстық тауарлармен қамтамасыз ету жүйесінде бірқатар қиындықтар орын алғаны сараланады. Бірінші кезекте шикізатқа негізделген өндірісті дамытуға баса мән беріліп, халықтың тұрмыстық және әлеуметтік мәселелері кейінгі орындарға ығыстырылды. Қала тұрғындарының күнделікті өмірінде өз қолдарымен киім-кешек тігу, тұрмысқа қажетті үй жиһаздарын жасау, өз күшімен жеке тұрғын үй салу тәжірибесі кең тараған. Кеңестер Одағын дүрбелең тудырған «Теміртау оқиғасынан» кейін ғана елімізде жаңадан бой көтеріп жатқан индустриалды қалалардың шиеленісті тұрмыстық мәселелеріне тиісті көңіл бөлініп, орталықтанған жүйе бойынша жабдықтау бастаған.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жана</p> <p>7.4 Колдану деңгейі кең</p> <p>7.5 Ия.</p> <p>6 қағидаг бойынша Кентау қаласының негізгі тұрғындары сырттан келгендерден құралғандықтан,</p>
--	--	--

бастапқы кезеңде қылмыстық әрекеттер жиі бой көрсетті. Кентау қаласы тұрғындарының арасында қылмыстық құжық бұзушылық бойынша, алғашқы орында бұзақылық іс-әрекеттер болса, мемлекет мүлкін заңсыз иелену мен талан-таражға салу екінші орында тұрды. Әсіресе, қала тұрғындары арасында спирттік ішімдікке әуестенудің үлесі, көрші жатқан елдімекендерден жоғары болғаны байқалды. Бұл кеңестік кезеңде қаладағы өндіріс орындарындағы еңбектің техникаға емес, қажырлы еңбекке негізделгенін және адам өміріне қауіпті болғандығын, әке-шешесі жұмысбасты болғандықтан жасөспірімдер бақылаудан тыс қалғандығын көрсетеді.

7.1 Корғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.

7.2 Тривиялды емес.

7.3 Қағидаг жана

7.4 Колдану денгейі кең

7 қағидаг бойынша Кентау қаласының жұмысшылар тұратын орталық аудандарға ерекше мән беріліп, жергілікті ұлт өкілдері тұратын шеткі ауылдардың (*Ханмазғы, Бала-Бүргем, Ащысай*) халқының қажетті инфрақұрылым жүйесінен (ауыз су, байланыс, жылу) тыс қалғаны дәйектеледі. Сонымен бірге өнеркәсіп орындары мен қаланың бір-біріне тым жақын орналасуы экологиялық мәселелерді шиеленістіріп, шикізатқа негізделген тау-кен өнеркәсібінде тиісті санитарлық талаптардың толық сақталмауы — қала тұрғындарының арасында кәсіби аурулардың (сигликоз, туберкулез, шуыл және діріл ауруы т.б.) кеңінен таралуына себепші болды.

7.1 Корғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми

	<p>негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең</p> <p>8 қағидаг бойынша Кентау қаласында кеңестік кезеңде жүргізілген білім беру саласында реформалар тек жас жеткіншектердің ғана емес, жаппай сауатсыздықты жою науқаны арқылы ересек азаматтардың да өміріне ықпал жасады. Алайда қаладағы білім беру мекемелері мен мектепке дейінгі мекемелердің барлығы дерлік тек орыс тілінде оқытуы казак әйелдерінің өндірісте немесе баска мекемелерде жұмыс істеуіне кедергі болды.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең</p> <p>9 қағидаг бойынша кеңестік кезеңде Кентау қаласында жергілікті ұлттардың салт-дәстүрі, тілі т.б. ұлттық құндылықтары «ескіліктің сарқыншағы» деген айдар тағылып, халықтың күнделікті өмір кеністігінен ығыстыру саясаты белен алған. Қаладағы билік органдары мен өндіріс орындарында «бірлүтас кеңес халқына» қалыптастыру мүддесіне қызмет ететін орыс тілінде ғана іс жүргізіліді. Көп ұлтты қалалық ортаның күнделікті өмір кеністігінде баска кіші халықтардың тілдерімен қатар жергілікті казак тілі де қолданыстан біртіндеп шеттетіліді және отбасы ішінде ғана пайдаланылатын тұрмыстық тілге айналды. Сондықтан қала тұрғындарының этникалық бірелейлігі барған сайын әлсіреп, олардың бойында «бірлүтас кеңес халқына» тән жаңа құндылықтар жүйесі бекем орныға</p>
--	---

	<p>бастаған.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиялды емес.</p> <p>7.3 Қағидат жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 Ия.</p> <p>10 қағидат бойынша кеңестік кезеңде Кентау қаласы аумағындағы өндіріс орындары жұмысшыларының басым көпшілігі жергілікті ұлт өкілдерінен құралғанымен, басшылық құрам сырттан келген мамандардан жасақталды. Өнеркәсіпте жергілікті ұлт өкілдеріне немісқұрайлы қарау және шеттету белен алды. Өндіріс орындарындағы жауапты қызметтерге мамандарды сырттан әкелу – коммунистік партияның қазақ халқына жасаған шынайы қамқорлығының көрінісі деп дәріптелді. 1965 жылы Ащысай полиметалл комбинатындағы 43 қазақ инженерінің жоғары басшылыққа жеткізіген наразылығынан кейін, орталықтың өнеркәсіп саласындағы ұлт саясатының келенсіз көріністері бүкіл ел көлемінде ашкере болды.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиялды емес.</p> <p>7.3 Қағидат жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 Ия.</p> <p>11 қағидат бойынша кеңестік кезеңде Кентау қаласы тұрғындарының бос уақытын арнайы мәдени-тынығту мекемелерінде (клуб, кинотеатр, кітапхана, қызыл мүйіз т.б.) өткізуін билік органдары қадағалап отырды. Аталмыш мәдени-тынығту орындары арқылы жергілікті</p>
--	--

		<p>партия ұйымы идеологиялық қызметін жүзеге асырып, қала тұрғындарын коммунистік қоғам мақсаттарына сай тәрбиелеуге тырысты. Идеологиялық бір сарынды мәдени-тынығу шараларынан мезі болған қала тұрғындары демалысын өз беттерінше өткізуге талпынды. Тұрғындардың дәстүрлі емес мәдени-тынығуы – спорттық жарыстарға бару, табиғат аясында демалу, қонаққа бару, діни және ұлттық мерекелерді бірлесіп тойлау арқылы іске асырылды.</p> <p>1. Корғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жаңа</p> <p>7.4 Колдану деңгейі кен</p> <p>7.5 Ия.</p> <p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері ретінде 18 жұмыс жарық көрді. Оның ішінде ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 6 мақала, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 3 мақала, шетелдік рецензияланған ғылыми журналдарда 4 мақала, отандық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 3 мақала, «Scopus» базасына енген ғылыми журналда 1 мақала, 1–ұжымдық монография.</p> <p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында әдістеменің таңдауы негізделген. Диссертацияның теориялық және әдіснамалық (методологиялық) негізі ретінде шетелдік ғалымдардың тұжырымдамалары басшылыққа алынған. Мұның өзі зерттеу жұмысының әдіснамасы (методологиясы) тақырыпқа сәйкес келеді дегенді білдіреді. Тұрғындарының күнделікті өмірін зерттеуде қолданылатын Э. Гуссерльдің «өмірлік әлем» теориясы,</p>
8	<p>Дәйектілік принципі</p> <p>Деректер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>Ия</u>;</p> <p>2) <u>Жок</u>;</p>

		<p>М. Блок, Л. Феврдің, А. Людкеңінің күнделікті өмір тарихы («<i>Alltagsgeschichte</i>») күнделікті өмір тарихы, Ф. Бродельдің адамның күнделікті тұрмысын зерделеу бағыттары зерттеу тақырыбының мазмұнын жан-жақты ашуға ұтымды пайдаланылған. Адамдардың күнделікті өмірін зерттеудегі басты бағыт пәнаралық синтез қолданылған. Автор Кентау қаласы тұрғындарының өмірін қарастыруда тарихилық, шынайылық, әлеуметтік принциптеріне сүйенген. Кұбылыстар мен оқиғаларды сол кезеңнің шындығымен байланысты қарастыруға мүмкіндік беретін диалектикалық, ғылыми зерттеулерде кенінен қолданылатын талдау, жүйелеу, салыстырмалы-тарихи, сипаттау, қорыту тәрізді әдістер жұмыстың мақсатына жетуге, ғылымилығын арттыруға, тұжырымдар жасауға септігін тигізген. Сауалнама жүргізу, олардың сауалдарын талдау, тарихи сұхбат әдістері тақырыпты ретроспективтілігін арттыруға, мазмұнын тартымды етуге көмектескен.</p> <p>Алайда зерттеудің методологиясына қатысты мәселелер тақырыптың зерттелу деңгейінде баяндалған. Осыған орай шегелдік зерттеулерге шолу жасалатын тұсында (9-11б) қайталау орын алған.</p>
<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) Ия; 2) Жоқ;</p>	<p>Ержан Джаркинбайұлы Пазиловтың диссертациялық жұмысы кеңестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихына арналғандықтан тақырыптың сипаттық ерекшеліктеріне сай компьютерлік технологиялар қолданылмаған. Дегенмен қала тұрғындарының демографиялық жағдайын, нақтырақ айтқанда динамикасын, ұлттық, жастық, жыныстық және т.б. құрамын анықтауда компьютерлік технологияларды, яғни демографиядағы трендтерді қолданса жұмыстың күндылығы артар еді.</p>	

	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін негізделер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <b>Ия;</b> 2) <b>Жок;</b></p>	<p>Ия. Диссертациялық жұмыста теориялық тұжырымдар архивтік құжаттарды талдау бойынша дәлелденген және негізделген.</p>
	<p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b>/ ішінара расталған/ расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыста манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі отандық және шетелдік архивтерден алынған деректер, ғылыми зерттеулер мен монографиялық еңбектер, баспасөз және «ауызша тарих» материалдары мәтіндегі сілтемелермен сәйкес келеді.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>/ жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 304 библиографиялық сипаттамадан тұрады.</p>
<p>9 Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <b>Ия;</b> 2) <b>Жок;</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Диссертациялық жұмыста ұсынылған қорытындылар мен ұсыныстар отандық тарих ғылымында қалыптасқан тұжырымдарды қайта сыни көзқараста қарауға және оны объективті тұрғыда түсінуге мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыс барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдары мен принциптерін болашақта Қазақстанның өзге де монокалалары және өңірлері</p>



		<p>тұрғындарының күнделікті өмірін, Кенестік Қазақстан тарихын зерделеуде қолдануға болады.</p>
<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары</p> <p>1) <b>Ия:</b> 2) Жоқ;</p>	<p>Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен нәтижелері Кентау қаласының қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық өмірінде туындап отырған мәселелердің негізгі себептерін бағалауға, қаланың кенестік кезеңдегі дамуының тарихи тәжірибесін түсінуге және болашақ дамуының әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының мазмұны мен ғылыми нәтижелерін Кентау қаласын жаңғырту мен сауықтыру бағытындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру кезінде, сондай-ақ облыс орталығы ретінде жаңадан бой көтеріп жатқан көршілес Түркістан қаласы үшін де тәжірибелік жағынан пайдалы болары сөзсіз.</p>	
<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады);</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады. Өйткені қазіргі уақытта еліміздегі монокалалардың экономикалық мәселелеріне арналған зерттеулер жарық көріп жатқанымен, жеке әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде тарихи қалыптасу ерекшеліктері әлі күнге дейін зерттелмеген. Ал бұл диссертациялық жұмыста кенестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы ғылыми әрі кешенді зерттелген.</p>	
<p>10 Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасын негізінен жоғары деп бағалауға болады. Диссертациялық жұмыс мазмұндау стилі жағынан ғылыми және түсінікті ғылыми тілмен жазылған. Диссертациялық жұмыстың ресімделу сапасы талаптарға сәйкес келеді.</p>

Ержан Джаркинбаевич Пазилловтың «Кенестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы (1948-1991 жж.)» тақырыбындағы дайындалған диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру қағидаларының» 2-тармағында көрсетілген диссертациялық талаптарына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан БД020300 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

**Ресми рецензент:**

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор



О.Х. Мұхатова

